

«Рәміздер-тәуелсіздік белгісі»

(ақпараттық сағат)



Дайындаған: Исмаилова Б.Г

« Рәміздер- тәуелсіздік белгісі ».

Мақсаты: Балаларға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерімен таныстыру. Туды, Елтаңбаны және Гимнді бір - бірінен ажырата білуге үйрету. Балаларға рәміздерді құрметтеуге, қастерлеуге рәміздерді бәрінен биік ұстауға, рәміздердің әр элементтерін, бөлшектерін атауларын жатқа білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері. (Ту, Елтаңба және Гимн)

Сабақтың әдіс - тәсілі: Әңгімелеу, өлең жолдарын қайталату, рәміздерді сурет бойынша таныстыру, сұрақ - жауап т. б.

Сабақтың барысы:

Балаларды оқу іс - әрекетіне дайындау. Сабаққа деген зейінін психологиялық ойындар арқылы оятып, қызығушылығын арттыру.

Кіріспе:

☞ Сәлеметсіңдер ме балалар! Көңіл күйіміз қалай?

☞ Балалар біз қандай мемлекетте тұрамыз?

☞ Әрине Қазақстан Республикасында тұрамыз?

☞ Біздің ұлтымыз қандай? Қазақ.

☞ Біз қай тілде сөйлейміз? Әрине қазақ тілінде.

☞ Ал, сендер біздің елді басқарып отырған Елбасымыздың есімін білесіңдер ме?

- Қасымжомарт Кемелевич Тоқаев.

☞ Сендер мына суреттерден не көріп тұрсыңдар?

☞ Мына бірінші суреттегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы.



Балалар тудың түсі көк. Көк түс болудың себебі адам бойына адалдық пен тазалық пен үміт сияқты қасиеттеріне сәйкестенуі тегін емес, көк түс әрқашан бейбітшіліктің, тыныштық пен жарқын болашақтың белгісі. Яғни аспанымыз ашық болсын дегеннің белгісі екен. Тудың қақ ортасында күн мен қалықтаған қыран құсымыз және оң жағында оюдың суреті бар. Күннің болуы әрқашан күндей нұрымыз жарқын болсын деген ниетпен, дала бүркіті Қазақстандықтар ұғымында дархандық пен қырағылық, биіктік пен бейнеленген. Тудың оң жағында оюдың бейнеленуі біздің қазақ екенімізді білдіретін қазақтың ою - өрнегі бейнеленген. Ал түстерінің сары болуының себебі сары түс молшылықтың байлықтың белгісі.



☞ Келесі суреттен біз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының ортасында елтаңбаның негізі ретінде шаңырақ бейнеленген. Ол елтаңбаның жүрегі іспеттес. Шаңырақ еліміздің біртұтастығын, мемлекеттік бастауы, отбасы ошағын бейнелейді. Екі жағындағы қанатты тұлпар мәңгілік өмір, болашаққа үміт артқан сендер сияқты балалардың арманы, самғау биігі. Шекесіндегі бес жұлдыз мемлекетіміздің жарқын болашағына жол көрсетер жұлдызы. Елтаңбаның астында «Қазақстан» атты жазу біздің қазақ екенімізді білдіретін айырықша белгі екен. Біздің рәміздеріміздің бірі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні. Балалар ҚРМ Гимнінің сөзін Елбасымыз Нұрсұлтан атамыз және Жүмекен атамыз жазған. Өні жазған Шәмші атамыз.



Әнұран-мемлекеттік ресми нышан-айбары болып табылатын, елдің арман-аңсарын білдіретін, бағдарла малық мәні бар салтанатты сөз.

Балалар Мемлекеттік Гимнді қалай болса солай орындауға болмайды, оны барлығымыз орнымыздан тұрып, оң қолымызды жүрек кеудемізге қойып бойымызды тік ұстап орындау керек.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні.

Сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов,

Нұрсұлтан Назарбаев.

Өнін жазған: Шәмші Қалдаяқов.

1. Алтын күн аспаны,

Алтын дән даласы,

Ерліктің дастаны,

Еліме қараашы!

Ежелден ер деген,

Даңқымыз шықты ғой.

Намысын бермеген,

Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,

Гүлің болып егілемін,

Жырың болып төгілемін елім!

Туған жерім менің Қазақстаным!

2. Ұрпаққа жол ашқан,

Кең - байтақ жерім бар.

Бірлігі жарасқан,

Тәуелсіз елім бар,

Қарсы алған уақытты,

Мәңгілік досындай. . .

Біздің ел бақытты,

Біздің ел осындай!

Қорыту:

Балалар бүгінгі іс - әрекетімізде біз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы білім алдық.